

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

**2-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы,
Советтер Одағының Маршалы РОКОССОВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник БОГОЛЮБОВҚА**

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері ШТЕТТИННІң оңтүстік жағында шығыс батыс ОДЕРДЕН өтіп, немістердің ОДЕРДІң батыс жақ жағалауындағы қорған күшті бекінісін бұзды, сөйтіп 30 километр алға басты.

Ұрыстардың барысында майдан әскерлері Померанияның басты қаласы және оңтүстік порты — ШТЕТТИНДІ алды, сол сыяқты ГАРТЦ, ПЕНКУН, КАЗЕКОВ, ДТ қалаларын алды.

Немістердің қорғанатын шебін бұзу және аталған қалаларды алу ұрыстарын: генерал-полковник БАТОВТЫҢ, генерал-полковник ПОПОВТЫҢ, генерал-полковник ГРИШИННІң, генерал-лейтенант БОБКОВТЫҢ, полковник ПЕНЧЕВСКИЙДІң, генерал-лейтенант КИНОСЯННІң, генерал-лейтенант ДРАТВИННІң, генерал-лейтенант ЧАНЫШЕВТИҢ, генерал-лейтенант РЯБЫШЕВТИҢ, генерал-майор ЧУВАКОВ, генерал-лейтенант ЭРАСТОВТЫҢ, генерал-лейтенант АЛЕКСЕЕВТИҢ, генерал-лейтенант СМЕРНОВТЫҢ, полковник БЕЛЯЕВТИҢ, полковник ТРУДОЛЮБОВ, полковник МУРАТОВТЫҢ, полковник КАРПЕНЮКТИҢ, генерал-майор КИРСА, генерал-майор ТИМОФЕЕВТИҢ, генерал-майор СОЛОВЬЕВТИҢ, полковник ХИЩИН, полковник ГОЛУБЕВТИҢ, полковник ВАРОХИННІң, генерал-майор ГРЕ, генерал-майор МАКАРОВТЫҢ, генерал-майор ТЕРЕМОВТЫҢ, полковник БЕЛИЧКОНЫҢ, генерал-майор БОРИСОВТЫҢ, генерал-майор СКОРОБОГАТОВ, генерал-майор ДЖАНДИГАНОВТЫҢ, полковник АФАНАСЬЕВТИҢ, полковник ИКОНЫҢ, полковник ЕМЕЛЬЯНЕНКОНЫҢ, полковник ЧЕТВЕРТУХИННІң, полковник ШЕПЕЛЬДІң, полковник ГОРИЧЕВТИҢ, генерал-майор ГУСОВТИҢ, әскер-артиллерия генерал-полковнигі СОКОЛЬСКИЙДІң, артиллерия генерал-лейтенант ДЕТЛЯРЕВТИҢ, артиллерия генерал-майоры КАРЕНИННІң, артиллерия генерал-лейтенанты МИХЕЛЬСОННІң, артиллерия генерал-лейтенанты БЕСКИННІң, генерал-майор ЗАХАРОВТЫҢ, полковник ЛЕОНОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ВУКТИҢ, полковник ДРОБКОВТЫҢ, полковник ОСТАНЬКОВИЧТИҢ, полковник ЧЕВТИҢ, полковник МАЛЯВСКИЙДІң, полковник ДЕГТЯРЕНКОНЫҢ, полковник КУЛЕШОВТЫҢ, подполковник ТИХОНОВТЫҢ, полковник ВАСИЛЕНКОНЫҢ, полковник РЫБНИННІң, полковник КУЛИЧУКТИҢ, полковник АКИМУШКИННІң, полковник ГОРМАТИННІң артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-лейтенант ИЕРНЯВСКИЙДІң, танк әскерлерінің генерал-майоры НОВАНТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ПЕТРУШИННІң, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ВУТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ШУЛЬГИННІң, подполковник ПЕТЫҢ, полковник КОЗОВАЛОВТЫҢ, полковник ИГОНИННІң, подполковник СИВТЫҢ, полковник АНТОНОВТЫҢ, подполковник ИГНАТОВТИҢ, подполковник ВАЛОВТЫҢ, полковник ЛОЖКИННІң, подполковник КОЖЕМЯЧКОВТЫҢ, полковник СОКОЛОВТЫҢ, майор ГЕЛЮСТЫҢ, майор НАШКИННІң, подполковник СИТЫҢ, подполковник СЛОБОДЯННІң, подполковник ШЕВЧЕНКОНЫҢ, подполковник ПОВАРОВТЫҢ танкішілері; авиация генерал-полковнигі ВЕРШИННІң, авиация генерал-майоры АЛЕКСЕЕВТИҢ, авиация генерал-лейтенанты

1-УКРАИН майданының әскерлері және бізбен одақтас ағылшын-америка әскерлері шығыс және батыс жақтан жауға соңғы беріп, неміс әскерлерінің майданын екіге бөліп тастады, сөйтіп 25-апрелде, 13 сағат 30 минутте Германияның орталығында Торгау қаласы ауданында бір-бірімен қосылды. Сонымен, солтүстік Германиядағы неміс әскерлері Германияның оңтүстік аудандарындағы неміс әскерлерінен бөлініп қалды.

Бостандық сүйгіш халықтардың Германияны жеңуі жасасын!

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

**2-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы,
Советтер Одағының Маршалы МАЛИНОВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник ЗАХАРОВҚА**

2-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, бүгін, 26-апрелде, шеберлікпен орағыта одіс және тікше шабуыл жасау нәтижесінде жолдардың маңызды торабы және немістердің қорғанатын қуатты тіректі бекінісі, Чехословакияның ірі өнеркәсіп орталығы — БРНО (БРЮН) қаласын алды.

БРНО қаласын алу ұрыстарында генерал-лейтенант МАНАГАРОВТЫҢ, генерал-лейтенант ТЕРЕНТЬЕВТИҢ, генерал-лейтенант САФИУЛЛИННІң, генерал-майор ЯКОВЛЕВТИҢ, генерал-майор АФОНИННІң, генерал-майор МЕРКУЛОВТЫҢ, генерал-майор МИЛЯЕВТИҢ, генерал-майор ОБУШЕНКОНЫҢ, генерал-майор ЕСИННІң, генерал-майор ЗДАНОВИЧТИҢ, полковник БАЛДЫНОВТЫҢ, полковник ДОБРОВОЛЬСКИЙДІң, полковник БУШИННІң, полковник СОБОЛЕВТИҢ, полковник ПЕТРОВТИҢ, полковник БОЧКОВТИҢ, полковник МАЛЬЧЕВСКИЙДІң, полковник СЕЛЕЗНЕВТИҢ, генерал-лейтенант ПЛЕВТИҢ, генерал-лейтенант КАМКОВТИҢ, генерал-майор КУЦТЫҢ, генерал-майор ПАВЛОВТЫҢ, генерал-майор ХРУСТАЛЕВТИҢ, генерал-майор БЕЛОУСОВТЫҢ, генерал-майор ШМУЙЛОННІң, полковник РЕВАННІң, полковник ГУБАНОВТЫҢ аты әскерлері; артиллерия генерал-полковнигі ФОМИННІң, артиллерия генерал-майоры ГУСЕВТИҢ, артиллерия генерал-майоры ПАВЛОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ПОПОВИЧТИҢ, полковник ПОГОРЕЛЬИДІң, полковник МАРЧЕНКОНЫҢ, полковник БОРИСОВТЫҢ, полковник МАКАРОВТЫҢ, полковник КОРОТЕЕВТИҢ, полковник АДАМЧИКТИҢ, подполковник МАТЮХТИҢ, полковник ВЛАДИМИРОВТЫҢ, полковник ГРИШИННІң, подполковник КАЛИНИННІң, подполковник КИСЛЫИДІң, подполковник МИСНИКТИҢ, подполковник МОЖЕВСКИЙДІң, подполковник КЛЕМАНОВТИҢ, майор КОСТЫЛЕВТИҢ артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-полковнигі КУРКИННІң, танк әскерлерінің генерал-полковнигі КРАВЧЕНКОНЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ШТРОМБЕРГТИҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ВОЛКОВТЫҢ, генерал-лейтенант СВИРИДОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты САВЕЛЬЕВТИҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры КАТНОВТЫҢ, полковник ЛАПТЕЕВТИҢ, полковник ЛЯЩЕНКОНЫҢ, полковник САФИУЛЛИННІң, полковник ОСТАПЕНКОНЫҢ, полковник ВОРОНОВТЫҢ, подполковник ЯГУДСКИЙДІң, подполковник ПРОКОФЬЕВТИҢ, подполковник ЕМЕЛЬЯНОВТЫҢ, подполковник САРОЧИНСКИЙДІң, подполковник МИХОННІң танкішілері; авиация генерал-полковнигі ГОРЮНОВТЫҢ, авиация генерал-лейтенанты СЕЛЕЗНЕВТИҢ, авиация генерал-лейтенанты НАМАНИННІң, авиация генерал-лейтенанты СТЕПИЧЕВТИҢ, авиация генерал-лейтенанты ПОДГОРНЫЙИДІң, авиация генерал-лейтенанты ТОЛСТИКОВТЫҢ, авиация генерал-майоры СМЕРНОВТЫҢ, полковник ШУТЕЕВТИҢ, полковник ЧИЖИКОВТЫҢ, полковник БЛАГОВЕЩЕНСКИЙДІң, полковник САПРЫКИННІң, полковник КЛОБУКОВТЫҢ, полковник СЕМЕНЕНКОНЫҢ, полковник ЖДАНОВТЫҢ, полковник ТАРАНЕНКОНЫҢ, полковник НЕДОСЕКИННІң, полковник ГЕЙБОННІң, полковник УЛЬЯНОВСКИЙДІң, полковник ТЕРЕХОВТЫҢ, полковник РОМАНОВТИҢ, полковник ЧАНПАЛОВТЫҢ ұшықтары; инженерлік әскерлерінің генерал-

Совет Хабаршы бюросынан

26 АПРЕЛДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

26-апрелде ПИЛЛАУ қаласының оңтүстік-батыс жағында 3-БЕЛОРУС майданының әскерлері Балтық теңізің Фриш Гаф қолтығымен қосатын каналдан өтіп, ФРИШ-НЕРУНГ бойымен шабуылды дамытуда болды.

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері ШТЕТТИННІң оңтүстік жағында шығыс және батыс ОДЕРДЕН өтіп, ОДЕРДІң батыс жақ жағалауында немістердің қорғанатын күшті бекінісін бұзды, сөйтіп 30 километр алға басты. Ұрыстардың барысында майдан әскерлері Померанияның басты қаласы және ірі теңіз порты — ШТЕТТИНДІ алды, сол сыяқты ГАРТЦ, ПЕНКУН, КАЗЕКОВ, ШВЕДТ қалаларын, ШТЕВЕН, ШВЕННЕНЦ, ГЛАЗОВ, БАГЕМЮЛЬ, ФРИДЕФЕЛЬД, ГРЮНЦ, ВАРТИН, БЛЮМБЕРГ, ШТЕНДЕЛЛЬ, ФИРРАДЕН үлкен қыстақтарын алып, РАНДОВ каналынан өтті.

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері БЕРЛИНДЕ табан тірескен көше Ұрыстарын жүргізуде болды, сөйтіп қаланың ГАРТЕН ауданын және қаланың шығыс жақ бөлегінде ГЕРЛИЦСКИ вокзалын алды. БЕРЛИННІң солтүстік-шығыс жағында майдан әскерлері ФИНОВ, ФИНОВФУРТ, МАРИЕН, ЕРДЕР үлкен қыстақтарын алды. ОДЕРДЕГІ ФРАННФУРТТЫҢ батыс және оңтүстік-батыс жағында майдан әскерлері КЕНИГС-ВУСТЕРХАУЗЕН, НОЙНЕ-МОЛЕ, ШТОРКОВ, БЕЕСКОВ, ЛИБЕРОЗЕ қалаларын және ЗЕНЦИГ, ГУССОВ, ГРОСС-ШАУЗЕН, ДАМСДОРФ, ХЕРЦБЕРГ, ГОРСДОРФ, ШТРЕММЕН, ТРЕБАЧ, МИТВЕЙДЕ, ГРОСС-ЛЕЙТЕН, МОХОВ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды. 25-апрелдегі ұрыстарда майдан әскерлері немістердің 2000 нан аса солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 70 самолет, 30 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 248 дала зеңбірегін, 1467 автомашина, 53 паровоз, 3404 темір жол вагонын қолға түсірді.

1-УКРАИН майданының әскерлері БЕРЛИННІң оңтүстік-батыс бөлегінде көше Ұрыстарын жүргізуде болды, сөйтіп қаланың ДАЛЕМ ауданын алды. ЗЛЬБА-НЫҢ батыс жақ жағалауында майдан әскерлері ТОРГАУ және СТРЕЛА қалаларын алды. БАУЗЕН ауданында майдан әскерлері дұшпанның жауу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атааларын тойтаруда болды. 25-апрелдегі ұрыстарда майдан әскерлері немістердің 1500 солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан 238 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек және 236 дала зеңбірегін қолға түсірді.

БРЕСЛАУДА әскерлеріміз қаланың батыс жақ бөлегінде көше Ұрыстарын жүргізе отырып мұнда 26 кварталды, бірнеше завод аудандарын және артиллерия заводының басым көпшілігін алып, артиллерия заводында жаудан 110 зеңбірек қолға түсірді.

2-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 26-апрелде шеберлікпен орағыта одіс және тікше шабуыл жасау нәтижесінде жолдардың маңызды торабы, немістердің қорғанатын қуатты тіректі бекінісі, Чехословакияның ірі өнеркәсіп орталығы — БРНО (БРЮН) қаласын алды, сол сыяқты 30дан аса елді жерлерді, оның ішінде ВЕЛЕСОВИЦЕ, ЕЗЕРА, МОКРА, МАЛОМЕРЖИЦЕ, ОБРЖАНЫ, КОГОУТОВИЦЕ, ЖЕБЕТИН үлкен қыстақтарын алды.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және барлау жүргізілді.

25-апрелде барлық майдандарда немістерден 125 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыратылды, жойылды. Өуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен

ИН, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ШВЫДКОЙДЫҢ, инженерлік әскердің генерал-майоры ВИТЕВИННИН, полковник ТРЕТЬЯКОВТЫҢ, подполковник ГУЛЬТЯЕВТИҢ, подполковник ПЕТРОВТЫҢ, полковник БАЛАНДИННЫҢ, полковник ОРДАНОВСКИЙДИҢ, полковник АНДРЕЕВТИҢ, полковник ИКОВТЫҢ, полковник ВИЗИРОВТЫҢ, полковник ВИНЬКОВТЫҢ, полковник ИЧИННИН, майор ЦАПТЫҢ, майор ВОРОНОВТЫҢ, майор КОЖИННИН, полковник ЛЕМЕНТЬЕВТИҢ, майор ШЕТИННИКОВТЫҢ, майор ХАРИТОНОВТЫҢ, подполковник ШУКИННИН, подполковник ШТЕЙННИН, полковник МИРОТВОРСКИЙДИҢ сапербайланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты БОРЗОВТЫҢ, полковник БОРИ-ЫН, подполковник ПРОЦЕРОВТЫҢ, полковник МИХАЙЛОВТЫҢ, полковник ДНЕВИЧТИҢ, полковник ХОМЯКОВТЫҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, немістердің қорғанатын шебін бұзу, ШТЕТТИН және басқа аталған қалаларды алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрар мен бөлімдер «ШТЕТТИН» атағын беруге және ордендермен наградтауға ықпалын.

Бүгін, 26 апрелде, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жүйе төрт зеңбіректен жүйырма дүркін артиллерия оғын атып, ОДЕРДІҢ батыс жағалауындағы немістердің қорғанатын бекінісін бұзып өткен және аталған қалаларды алған 2-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан өт көрсетеді.

Немістердің қорғанатын шебін бұзып ету және аталған қалаларды алу ұрыс қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан бауырдың даңғы мәңгі өшпесін! Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 26 апрел. № 344.

Советтер Одағының Маршалы Р. Я. Малиновскийді „Жеңіс“ орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

р көлемдегі ұрыс қыймылдарына ықпал ету жөнінде Жоғарғы Бас қолбасшының тапсырмаларын шеберлікпен орындап, бұл ұрыстардың нәтижесінде неміс-фашист әскерлерін талқандау ісінде асқан табыстарға жеткені үшін Советтер Одағының Маршалы Малиновский Родон Яковлевич «Жеңіс» орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

М. КАЛИНИН.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі

А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.

1945 жылғы 26 апрел.

Советтер Одағының Маршалы Ф. И. Толбухинді „Жеңіс“ орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

р көлемдегі ұрыс қыймылдарына ықпал ету жөнінде Жоғарғы Бас қолбасшының тапсырмаларын шеберлікпен орындап, бұл ұрыстардың нәтижесінде неміс-фашист әскерлерін талқандау ісінде асқан табыстарға жеткені үшін Советтер Одағының Маршалы Толбухин Федор Иванович «Жеңіс» орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

М. КАЛИНИН.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі

А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.

1945 жылғы 26 апрел.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне БРНО қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 26 апрелде, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жүйырма төрт зеңбіректен жүйырма дүркін артиллерия оғын атып, БРНО қаласын алған 2-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

БРНОНЫ азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан бауырлардың даңғы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 26 апрел. № 345.

ССР Одағының бірінші сайланған Жоғарғы Советінің XI сессиясы

Одақ Советі мен Ұлттар Советінің 1945 жылғы 25 апрелдегі мәжілісі туралы хабар

Бүгін, 25 апрелде, күндізгі сағат 11де, Кремльде, ССРО Жоғарғы Советінің мәжіліс залында Одақ Советінің мәжілісі болды.

Председательдік еткен Одақ Советінің председатели депутат А. А. Андреев.

Одақ Советі бюджет комиссиясының депутат Т. И. Кузнецов жасаған қосымша баяндамасын тыңдады.

Бюджет комиссиясының қосымша баяндамасынан кейін Одақ Советі жарыс сөзге кірісті. Мәжілісте болған жарыс сөздер: РСФСР Халық Комиссарлары Советінің председатели А. Н. Косыгин жолдас, депутат Л. Р. Корнилов (УССР), депутат А. А. Кузнецов (Ленинград облысы), депутат Н. Я. Наталович (ВССР), депутат М. А. Гедвилас (Литва ССР), депутат М. И. Редикозов (Горький облысы), депутат И. Я. Варес (Эстон ССР), депутат В. Н. Потемкин (РСФСР) шығып сөйлесі.

Кешкі сағат 6да Ұлттар Советінің мәжілісі болды.

Председательдік еткен Ұлттар Советінің председатели депутат Н. М. Шверинин.

Ұлттар Советі бюджет комиссиясының депутат И. С. Хохлов жасаған қосымша баяндамасын тыңдады.

Бюджет комиссиясының қосымша баяндамасынан кейін Ұлттар Советі жарыс сөзге кірісті. Мәжілісте болған жарыс сөздер: еңбекшілер депутаттарының Москва қалалық советі атқомінің председатели Г. М. Попов жолдас, депутат И. С. Грушецкий (УССР), депутат В. Т. Лацис (Латвия ССР), депутат М. Мір Насымов (Азербайжан ССР), ССРО Денсаулық сақтау Халық Комиссары Г. А. Митерев жолдас, депутат С. Г. Хоштария (Грузин ССР), депутат Т. Н. Қары-Ниязов (Өзбек ССР), депутат Г. А. Диниухамедов (Татар АССР), депутат А. Т. Вейнер (Эстон ССР) шығып сөйледі.

15 күнде 40200 сомның бұйымы өндірілді

Петропавлдағы «Пищевик» қол өнершілер артельінің жұмысшылары арасында 1 май алдындағы социалистік жарыс күннен күнге өрістей түсін, ол зор нәтиже беруде. Бұл артельде апрель айының бірінші жартысында 40200 сомның көп-

шілік қолды бұйымдары өндірілді. Ал жарты айлық тапсырма 38 мың сом еді.

Қазір артельдің барлық цехтарында май қарсаңындағы социалистік жарыс кең қулап жайды.

Егісті 6—8 күнде салып бітірмек

ӨСКЕМЕН. Оңтүстік аудандарда көктемгі дала жұмыстары басталды. Самар және Күршім аудандарында алғаш рет жүздеген гектар тын жер жыртылды. Алдыңғы қатарлы «Ленин жолы», «Жаңа та-

лап», «Жас талап» ауыл шаруашылық артельдері егісті 6—8 күнде салып бітіруге міндеттеніп отыр.

(НазТАГ).

Одере дейінгі—шығыс және батыс Одерден, бұлардың арасындағы батпақты алаңнан өту міндеті тұрды. Бөлімшелеріміз авиацияның және артиллерияның көмегімен түтінмен бүркемеленіп, қайықтармен және желкендермен шығыс Одерден өтті. Саперлер тез арада көпір салып, батпақ арқылы шабуыл жасау үшін жол салды. Бұдан соң совет жауу әскерлері батыс Одерден өтіп, оның сол жақ жағалауындағы табан тірейтін шептерді кеңейту жөнінде ұрыс бастады. Немістер қорғанатын қуатты бекіністеріне сүйеніп, өлермендікпен қарсылық көрсетті. Олар қайткен күнде әскерлерімізді кері қуып тастауға тырысып, әлденеше рет қарсы атакаға шықты. Жаудың ұшқыштары әскерлеріміз салған көпірлерді талқандауға тырысып, Одерге жүздеген жүзгіш миналар тастады. Немістердің тастаған миналарын судан алып, немесе оларды суда атқылай отырып, совет әскерлері бұл қауіпті жойды. Неміс диверсанттарының топтары су өтпейтін киім киіп, көпірлерге қарай жақып келуге, сөйтіп оларды талқандауға тырысты. Гитлершіл сыйқаныштар дер кезінде жойылды. Әскерлеріміз Одердің батыс жақ жағалауында ірі күштерін топтандырып, шабуылға шықты, сөйтіп немістердің қорғанатын күшті бекінісін бұзып өтті. Дұшпан ұрыстар болып жатқан ауданға тын күштерін асығыс түрде әкелді, алайда ол совет бөлімдерінің қауырт шабуылына тоқтата алмады. Майдан әскерлері табысты дамыта отырып, бүгін Померанияның басты қаласы—Штеттинді алды.

Ұрыстардың барысында тек қаланың іргелерінде ғана немістердің 3 мыңнан аса солдатты мен офицері жойылды.

Штеттин—маңызына қарағанда Германияның үшінші теңіз порты және ірі өнеркәсіп орталығы. Мұнда үлкен көме құрылыс орындары, автомобиль, металлургия және машина, құрылыс заводтары бар.

1-Белорус майданының әскерлері ойдағыдай шабуыл жасауда болды. Берлиннің солтүстік жақ шет аймақтарында совет жауу әскерлері мен танкішілері Тегель орманын гитлершілдерден тазартты. Әскери казармаларды алды, сөйтіп кең майданда Берлин-Штадалдер каналының солтүстік жақ жағалауына шықты. Совет артиллерияшылары мен ұшқыштары жауға қатты соққы беріп, немістердің каналдың оңтүстік жақ жағалауындағы Фальк Паркте орнатылған батареяларының үнін өшірді. Әскерлеріміз артиллерияның жауға қарсы оқ жаудыруының көмегімен каналдан өтіп, Семинштадт заво-

данын алып, Шпрее өзеніне жетті. Берлиннің шығыс жақ бөлегінде майдан әскерлері Шпрее өзенінің сыртындағы табан тірейтін шептерін кеңейте отырып, дұшпанның қатты қарсылығын жеңді. Сөйтіп бұйым станциясымен қоса Герлицкі вокзалын алды.

Авиациямыз дұшпанның әскерлері мен соғыс орындарына соққы беруде болды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен немістердің 29 самолеты атып түсірілді.

1-Украин майданының әскерлері Берлиннің оңтүстік батыс бөлегінде көше ұрыстарын жүргізді. Жауу әскерлеріміз немістерді бекіністерінен түріп шығара отырып, күндіз-түні бірдей қаланың кварталдарына тіке шабуыл жасауда. Артиллерия мен танкітер жаудың атыс бекіністерінің үнін өшіріп және қарсылық көрсету тораптарын талқандай отырып, жауу әскерлерімізге белсенді көмектесуде. Совет бөлімшелері қаланың Далеам ауданының көшелеріне басып кіріп, табан тірескен ұрыстардан кейін ботаника бақшасының жерін, метро полининнің 6 станциясын және артиллерия полкінің казармаларын алды. Күн кешкіде Далеам ауданы дұшпанның әскерлерінен толық тазартылды. Бұл учаскеде немістер қарсы атака жасады, алайда жүздеген солдаттары мен офицерлерінен өлдей айрылып, асығыс түрде кері шетінді.

Совет ұшқыштары әуе ұрыстарында немістердің 22 истребительді атып түсірді.

2-Украин майданының әскерлері шабуыл жасауда болды. Совет бөлімдері Брно қаласының шығыс жақ шет аймақтарында немістердің қорғанатын шебін бұзып өтті. Дәл осы мерзімде екінші бір бөлімдеріміз Брноның батыс жағына шығып, жаудың гарнизонының кері шегінетін барлық жолдарын кесіп тастады, сөйтіп қалаға солтүстік-батыс жақтап басып кірді. Көше ұрыстары басталды. Советтің шабуылшы топтары зеңбіректер мен танкітердің көмегімен батыл алға баса отырып, кварталдардың бірінен соң бірінен немістерден тазартуда болды. Дұшпан шығыс жақтап өз гарнизонына көмекке өту жөнінде нәтижесіз әрекет жасады. Көше ұрыстарынан кейін әскерлеріміз бүгін күндіз немістердің гарнизонын талқандап, Чехословакияның Прагадан соңғы үлкен қаласы—Брноны алды. Жаудан көп олажа және адамдар қолға түсірілді.

Республиканың даңқты мерекесін лайықты табыстармен қарсы алайық

М. ӘБДІҚАЛЫҚОВ

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пропаганда жөніндегі секретарі

1945 жылғы 4 октябрьде Қазақ ССР-нің құрылғанына 25 жыл толады. Ұлы Октябрь Социалистік революциясының жеңуі нәтижесінде қазақ халқы жүздеген жылдардан бері бытыраңқы болған елін тұңғыш рет біріктіріп, өзінің мемлекетін құрды. Совет республикасы өмір сүрген ширек ғасыр ішінде қазақ халқы болып өмір сүрген партиясының, оның көсемдері Ленин мен Сталиннің басшылығы арқасында, туысқан ұлы орыс халқының көмегі арқасында дамудың капиталистік сатысына соқпай өтіп, мешеу қалған бектік дәуірден социализмге өту сияқты бұрын-соңды болмаған тарихи жұмысты іске асырды.

Совет халықтарының бірыңғай тату тобында өмір сүрген Қазақстан бұрын артта қалған, тәуелді отар елден 25 жыл ішінде ірі өнеркәсібі мейлінше өркендеген, колхозды-совхозды ауыл шаруашылығы бар алдыңғы қатарлы советтік республикаға айналды. Бұл жылдар ішінде шаруашылық жағынан өркендеумен қатар, республикамыз мәдениет жағынан да үлкен алға басты.

Совет өкметі тұсындағы жылдарда ғана Қазақстанда социалистік индустрия жасалды, түсті металлургияның алыбы — Балқаштың мыс балқыту зауыты, Шығыс кент қорғасын зауыты, Жезқазған, Қонырат, Аңысай, Сокольный тағы басқа көп алыштары салынды. Төкелі қорықтарындағы сол сияқты ірі кәсіп орындары салынып жатыр. Сирек кездесетін металдар өнеркәсібі де ойдағыдай өркендеуде.

Советтер Одағының үшінші кеңіс ордасы — Қарағанды көмір кені салынып, Ембаның мұнайлы кендері қайта құрылып, бұрынғыдан бірнеше рет ұлғайтылды. Қара металлургияның берік негізі — Ланды химия өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіптің көптеген кәсіп орындары салынды.

Қазақстанның ұлан-байтақ жерінде Түркістан-Сибирь, Қарағанды, Ақмола-Арал тауы темір жолдары және бірсыпыра жол тараулары салынды.

Көшпелі шаруалардың мешеу, артта қалған ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлы, машиналандырылған ауыл шаруашылығына айналды. Ауыл шаруашылығын қайта құру жұмысын байларға-жулаптарға, ескі рулық тұрмыстың, мешеу қалған бектік дәуірдің негіздеріне қарсы қатал күрес жүргізу үстінде бұрын-соңды болып көрмеген, аса қиын жұмыс болды.

Қазақ халқы өзінің түрі ұлттық, мәдениетін социалистік мәдениетін жасады. Қазақтың әдебиеті, көркем өнері, баспа сө-

колхоздарының бірінде звено бастығы болып істейтін 58 жастағы Малдияр Әбдрахмановтың айтқан пікірі біздің бүкіл халқымыздың пікірін айқын ыспаттайды. Қазақ ССР-нің 25 жылдығы атындағы жарыс туралы мәселе талқыланған жиылыста ол былай деген:

—1945 жылы жақсы оқығалар болғалы отыр. Майдандағылар гитлершіл Германияның әскерін талқандайды. Фашизм елкісінен азат болған жерге жеңіс гүлі бәріп, құлшыра түспек. Ал біздің Қазақстанның адамдары Советтік Қазақстанның өмір сүргеніне 25 жыл толғанын мерекелейді. Жыл осындай болып тұрғанда жұмысты барлық жігермен істеуге болар ма?

Отаншыл Малдияр Әбдрахманов 1944 жылғы тарының гектарынан 402 пұттан, күріштің гектарынан 480 пұттан өнім жинаған. Выйлығы жылы ол тарының гектарынан 600 пұттан, күріштің гектарынан 400 пұттан өнім жинауға міндеттенді.

Ал Қазақстанның барлық жұмысшылары, колхозшыларын, бүкіл интеллигенттерін барлық еңбекшілерді осындай жеңістерге жұмылдыруымыз керек. Қазір өрістетіп отырған бүкілхалықтық социалистік жарыс республикамыздың еңбекшілерінің Қазақ ССР-нің 25 жылдығын мерекелік табыстармен қарсы алуға іскер әрі нағыз жұмылғанының, бұған шын ниетімен жұмыс істеп отырғанының белгісі болады.

1945 жылы республикамыздың алдында өте-өте жауапты міндеттер қойылып отыр. Выйлығы жыл БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрелдегі тарихи қаулысын іске асыруда шешуші рөл атқарды. Барлық облыстар, аудандар, қалалар, колхоздар, совхоздар, халық қосармалары, кәсіп орындары өндіріс пен жоспарларын, мемлекет алдындағы міндеттемелерін сөзсіз орындайтын жыл болуға тиіс. Бірақ, міндет тек мұнымен ғана орындалмайды. Біз мемлекеттік жоспарларды қай жылдарда болса да орындай отыруға тиіспіз. Ал, 1945 жылы республикамыздың мерекесі болатын жыл. Біздің борышымыз бұл жоспарларды орындау, советтік Қазақстанның 25 жылдығын хұрметіне отанымызға зор табыстар әзірлеу болады. Мұның мәнісі — республикамыздың мерекесін лайықты

дың екпінділердің, екіжүзшілердің өсу процетін күні бұрып белгілеуге болмай-тыны, мұның өзі жанқиярлық игілікті еңбектің нәтижесінен туатыны, жұмысшыларға қабылдаған міндеттемесін орындауда көмектесіп отырудан туатыны өзінен өзі айқын. Ақтөбе облысының Мартук аудандық партия комитеті (секретарі Могилов Жолдас) социалистік жарысқа басшылық етуден тыс қалған. Осының салдарынан бұл ауданның көп колхозшылары Советтік Қазақстанның 25 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу жөнінде бүкілхалықтық қозғалыс басталғанын әлі білмейді, бұған өздерінің қандай ат салысатынын белгілемеген.

Бұл кемшіліктерді тез жойып, социалистік жарысқа партия ұйымдарының басшылығын күшейту керек.

Қазір жарыстың екінші кезеңінде отырмыз. Колхоздар, кәсіп орындары, аудандар, қалалар, облыстар арасында жарыс шарттары жасалып отыр. Кей жерде бұл сияқты шараның үлкен саяси маңызын жете бағаламау, шартқа бұқараны қатыстырмай, кеңседе отырып қол қоюға тырысу сияқты кемшіліктер кездесіп отыр. Мұндай қылықты социалистік жарысты кеңесімдік іске айналдыру, бюрократтық көз қарас деп бағалауымыз керек. Шарт жобаларын алдын ала кәсіп орындарында, колхоздарда, совхоздарда, МТС тарда талқылап, еңбекшілердің ұсыныстары мен тілегін ескеру керек болады. Шарт жасау жұмысын жалпы қалалық, аудандық жыйылыстарда, социалистік жарысқа қол қоятын қаланың, немесе ауданның делегациясының қатысуымен өткізу керек. Міне осы шарттарды орындағанда ғана берілген сертті берік орындау барлық еңбекшілердің белсене қатысып ісіне, абырой әперетін, даңқ шығаратын іске айналады. Әрбір қаланың, ауданның, қыстақтың еңбекшілері жарысқа озып шығуға, республикамыздың мерекесіне лайықты табыспен келуге барлық күшін жұмсайтын болады.

Жарысты өркендете беру, оған басшылық ету жөнінде біздің шаруашылық қызметкерлеріміздің партия, совет, комсомол және кәсіпшілер одағы ұйымдарының, бүкіл активіміздің алдында тұрған кезекті міндеттер қайсы?

Әрбір коллектив өзінің істейтін жұмысының программасын белгіледі. Қазір жұ-

мыстың бұл түрі еңбекшілердің барлығын республикамыздың мерекесін лайықты табыспен қарсы алу жолындағы жарысқа қатыстыруымызға шын мәнісінде мүмкіншілік береді. Звенолар, бригадалар, учаскелер, цехтар бойынша өткізілген жыйылыстарда әрбір жұмысшының колхозшының жарыста қандай табысқа жеткенін айтылып, өзара жарыста кімнің озып шыққаны, ол алдағы қатарлылардың табысқа қандай әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып жеткенін баяндалуға тиіс.

«Социалистік жарыс мынаны айтады: біреулер жұмысты нашар, енді біреулер жақсы, енді біреулер онан да жақсы істейді, — жақсы істегендерді қуып жетіп жұмыстың жаппай күшеюін көзде». (И. Сталин). Бұдан туатын міндет — алдыңғы қатарлылардың тәжірибесін кеңінен пропагандалау, олардың тобын көбейте беру, артта қалғандарды солардың қатарына жеткізу, жолдастың өзара көмектің барлық түрін күшейте беру, сөйтіп жан-пай өрлеуге жету болады.

Жарыстың табысты болуының маңызды шартының бірі — оны жұртшылыққа кеңінен жариялап отыру болады. Жарысушылардың бәрі де өз жұмыстарының нәтижесін, өзімен жарысқа түскен коллективтің социалистік жарыс шартын қалай орындап отырғанын жақсы білетін болуға тиіс. Бұл үшін баспа сөзді, радионы, жарыс көрсеткіштерін жазатын тақтаны, хұрмет тақтасын, өзара делегация және тексеру бригадаларын жіберу әдістерін, қолма-қол «Жауынгерлік листоктар» плакаттар шығару әдістерін кеңінен пайдалану керек.

Алматының бірсыпыра кәсіп орындарында жүргізілген тексеру көрнекті үгіттің кейін қалып отырғанын көрсетті. Осы уақытқа дейін коллективтің қабылдаған міндеттемелері жазылған плакаттар ілінбеген, цехтарда «Жауынгерлік листоктар» кішкене газетшелер сирек кездеседі. Бұл сияқты маңызды шаралар мен бермеуге, оны екінші кезектегі жұмыс деп есептеуге болмайды. Бұқараны ұйымдастырудың, жұмылдырудың айбынды құралы болып табылатын бұл іске ат үсті қараушылыққа жол бермеу керек.

Қазақ ССР-нің 25 жылдық мерекесін абыроймен қарсы алуға біз партия-саясат жұмысының барлық буынын жұмылдыруымыз керек. Ауызша және баспа сөз

«Қазақстан интеллигенциясы ұлы Отан соғысы күндерінде», «Қазақ халқының ұлы ағартушысы және қоғамдық-саяси қайраткері Абай Құнанбаев», «Шоқан Уәлиханов» тағы басқалары.

Біздің ғылыми-жаратылыс пропагандамыздан да Қазақстан туралы тақырып көп орын алуға тиіс. Мынадай мәселелер жөнінде лекциялар өткізген дұрыс: «Қазақстан және оның тау-кен байлығы», «Қазақстанда жер қойнындағы пайдалы қазналардың құралуы», «Қазақстанның өсімдік байлығы», «Қазақстанның мал-аң байлығы», «Қазақстанның жері және оны меңгеру», «Қуаныштыққа қарсы күрес», «Жер суландыру және шөлдерді меңгеру», «Арал теңізі мен Балқаштың бұрынғы геологиялық жайы» тағы басқалары.

Жарыс миллиондаған еңбекші бұқараның барынша белсенділігі негізінде социализм құрудың коммунистік әдісі болып табылады. Сталин жолдас бізге осылай деп көрсетті. Жарыс біздің сарқылмас мол қорымызды ашуға, оны пайдалануға бұқараның жігерін, талабын арттыру ісіне кең жол ашады.

Сталин жолдас стахановшылардың бүкіл одақтық бірінші маслихатында былай деді: «...Миллиондаған еңбекшілер, жұмысшылар мен шаруалар еңбек етіп, өмір сүріп, күрес жүргізуде. Бұл адамдар бекер өмір сүріп жатпағанына, өмір сүре отырып, күресе отырып, бұл адамдар орасан мол нақты тәжірибе құрап жатқанына кім күмәнданбақ?».

Күн сайын біз аса бағалы бастамалар басталғанын, жарыстағылардың маңызды мәселелер жөнінде жаңалық көтере бастағанын, еңбекшілердің игілікті ісінің сан-алуан түрін көріп, естіп отырамыз.

Колхозшылардың, совхоздар мен МТС-тардың жұмысшыларының, өнеркәсіп орындары мен транспорттың жұмысшыларының, біздің интеллигенцияның жігер-талабына барынша жол ашып, көмектесіп, оны өрістетіп отыру керек. Біздің пропаганда мен үгіттің алдына қойылған аса маңызды міндеттің бірі осы.

Республиканың мерекесіне әзірлену жөнінде біздің пропаганда мен үгіттің алдына қойылып отырған жауапты міндеттер бізден бұл жұмысты жүргізуге активті, интеллигенттерімізді неғұрлым көбірек қатыстыруды талап етеді. Кейде партия, совет, комсомол активі үгіт жұмысына қатыспайды, бұл хұрметті және жауапты істі даярлығы аз, білімі төмен жолдастарға жүктеп қояды. Үгіт-пропаганда жұмы-

В. М. Молотовтың және Совет өкілдігі мүшелерінің Сан-Францискоға келуі

САН-ФРАНЦИСКО, 24 апрел. (ТАСС-ты арнаулы тілшісінен). Бүгін күндіз В. М. Молотов және Сан-Францискода болатын конференцияға баратын совет өкілдері сәметпен Сан-Францискоға келіп түсті. Молотов жолдаспен бірге Громыко, Соболев, Царанкин, Салавин, Голунский, Кротов, Кузнецов жолдастар және генерал Василийев тө келді. Өкілдер Родионов және Лаврентьев жолдастар бұдан бұрын келген болатын.

Аэродромда В. М. Молотов жолдас АҚШ-тың Москвадағы елшісі Гарри Трумэн АҚШ мемлекеттік департаментінің өкілі, рі Болен мен Дри, Конференцияның протокол бөлімінің өкілі Чейнин, сол сияқты Лаврентьев, Родионов жолдастар, Советтер Одағының Сан-Францискодағы елші Возлов жолдас және Советтер Одағының басқа да өкілдері құттықтады.

Біріккен Ұлттардың Сан-Францискодағы конференциясында

САН-ФРАНЦИСКО, 26 апрел. (ТАСС-ты арнаулы тілшісінен). Бүгін Тынық мұхит уақытымен 15 сағат 30 минутте яғни 27 апрелде Москва уақытымен 1 сағат 30 минутте Біріккен Ұлттардың Сан-Францискодағы конференциясының мәжісі ашылды. Мәжілесте конференцияның ұйымдастырушысы — төрт делегацияның басшылары Э. Стеттиниус, В. М. Молотов, А. Иден және Сун-Цзы-Вань сөз сөйледі.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 25 апрел (ТАСС). Одақтастың Европадағы әскерлерінің жоғары командованиясі штабының хабарында былай делінген: оңтүстік шығысқа қарай жедел алға басушы одақтастардың та бөлімдері Регеннің солтүстік батыс жағында 5 километр жерде және Австрия шет арасынан небары 56 километр жерде тұр. Юрибергтің оңтүстік жағында одақтастардың жау әскер бөлімдері 16 километр алға басты, сөйтіп қазіргі күнде Дунайдан 11 километр жерде тұр.

Штуттгардтың оңтүстік жағында жау әскер тобы қоршауға алынған 12 шақырым километрлік «алқапта» дүңгірші әскерлерін жою ісі жүргізіліп жатыр. Одақтастар әскерлері Шварцвал орманының түкпіріне қарай алға басу

бет өкметіне ие болдық, орыс халқы өзіндік елімізді қайта құруға, өнеркәсібімізді, ауыл шаруашылығы мен мәдениетімізді өркендетуге орасан зор көмек көрсетіп келеді. Ғылым, көркем өнер, әдебиет жөніндегі табыстарға біз орыс халқының алдыңғы қатарлы, айбынды мәдениетінің күшті ықпалы арқасында жеттік. Орыстың ғылыми, көркем өнер, әдебиет қайраткерлері қазақ халқының мәдениетін өркендетуге, ұлт интеллигенциясының кадрларын өсіруге баға жеткісіз көмек көрсетті.

Республикамызда 20 жылдан аса уақыттың ішінде социалистік жолмен өркендеуге жасалған ірі өзгерістер ұлы отан соғысы жылдарында Қызыл Армияны жабықтайтын айбынды қазынаға айналып, оның неміс-фашист басқыншыларды талқандауына зор көмек көрсетуіне жол ашты.

Қазақ ССРның 25 жылдығы қайта өркендеген қазақ халқының ұлы мерекесі. Бұл совет елінің айбынды қуатының айқын көрінісі.

Республикамыздың совет өкметі тұсын да халық шаруашылығы мен мәдениетін ойдағыдай өркендеткені лениндік-сталиндік ұлт саясатының салтанат құрғаны, халықтардың мызғымас достығының ұлы идеясы салтанат құрғаны, оның фашистік айуандық ұлтшыл және адамзатқа өшпенді идеологияны жеңуінің салтанаты болып табылады.

Ұлы отан соғысы жылдарында Советтер Одағының барлық халықтарымен бірге қазақ халқы да социализм жеңістерін қорғауға аттанып, ерліктің, батырлықтың, қажырлылықтың, жүректіліктің керемет үлгісін көрсетті. Советтер Одағының бүкіл халқымен бірге бірлесе отырып қазақ халқы өзінің еркін, тәуелсіз өмір сүру правосын қорғауда. Ұлы отан соғысында ұрыс даласында болсын, майдан үшін жанқиярлық еңбек етуде болсын, республикамыздың еңбекшілері жұмыла қыймылап, белсене күрес жүргізуде.

Совет өкметінің награды алған жауынгерлер мен командирлер жөніндегі мәліметтер Советтер Одағының халықтарының жауынгерлік достығын ыспаттайды. Нағрадалғандардың ішінде Советтер Одағының барлық ұлттарының өкілдері бар. Оның ішінде 37.743 қазақ бар. 58 қазақ Советтер Одағының Батыры деген ардақты атаққа ие болды. Оның ішінде қазақтың Мәніпұк Маметова, Алия Молдағұлова сияқты ардақты қыздары бар.

Жоғарғы Бас қолбасшы Сталин жолдастың Қызыл Армияның ұлы жеңістері жөніндегі бұйрықтарын республикамыздың еңбекшілері асқан қуанышпен, зор жігермен қарсы алуға. Қызылорда облысының

сөз болады.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 1945 жылғы 5 марттағы қаулысына сәйкес Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысты ұйымдастыру оны кең өрістетуге жұмысының зор программасын белгілеп берді. Бұл қаулыда социалистік жарыстың негізі БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 әп-релдегі қаулысы және Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің XII пленумының қарарлары толық және мүлтіксіз іске асыру болады деп көрсетілді. Партия, совет, кәсіпшілер одағы ұйымдары социалистік жарысқа басшылығын барынша күшейтіп, республикамыздың барлық еңбекшілеріне нақты міндеттемелер қабылдауға, оны іс жүзіне асыруда көмек көрсетулері керек болады.

Жарыс ұйымдастырудың алғашқы кезеңі алдыңғы қатарлы коллективтердің үйдеулерін талқылау, міндеттемелер қабылдау жұмысы негізінен алғанда аяқталды. Бірақ, кейбір облыстар мен аудандарда партия ұйымдарының басшылық жұмысы жеткіліксіз болғандықтан, үйдеулерді талқылау кезінде елеулі кемшіліктер көрсетілді. Бірсыпыра жерлерде жоспарлардың орындалудың нақтылы мүмкіндіктері толық есептелмеген, ал кей жерлерде орындалуға болмайтын міндеттемелер қабылданған. Қостанай облысының Қызылорда ауданында қабылданған міндеттеме тиісті мөлшерден анағұрлым төмен болған. Бұл аудан мал өсіру жоспарын сыртқалы жөнінен 60 бас, қой жөнінен 300 бас, жылқы жөнінен 5 бас артық орындаймыз деп міндеттенген! Ақтөбе облысы механика заводндағылар міндеттеме орындалуының екпінділердің, осы жөнінен қанша процент болатынын көрсетуге тырысқан. Стахановшылар

ті, барлық құралды пайдаланып, оны өндіріс жұмысының нәтижелі болуына, қабылдаған міндеттемені орындауда жарысқа түскендерге көмектесуге жұмылдыруымыз керек. Кездесіп отырған кемшіліктерді жою, өндірісте командирлердің үлкендерінің де, кішілерінің де жігер талабын арттыру, барлық еңбекшілердің жігер талабын арттыру шараларын қолма-қол қолданып отыру керек. Партияның басшы орындары әрбір учаскелегі жұмыстың жайын, кімнің артта қалып отырғанын, оның себебін жақсы біліп, артта қалғандарды алдағылар тобына қосу шараларын қолданып отырулары керек.

Әрбір он күн сайын еңбекшілердің жиылысында жарыстың звенолар бригадалар, учаскелер, цехтар бойынша қорытындыларын шығарып отыру керек. Айына бір рет жарыстың нәтижелерін көрытып, оны колхоздағы, МТС-тағы, совхоздағы, өнеркәсіп орындарындағы, транспорттағы жалпы жиылыстарда талқылау керек. Аудандық партия комитеттері, аудандық совет атқару комитеттері кем дегенде айына бір рет әрбір колхоз, совхоз, әрбір МТС өзінің қабылдаған міндеттемелерін қалай орындап отырғанын талқылауға міндетті. Облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттері кемінде айына бір рет әрбір аудан бойынша және бүкіл облыс бойынша жарыстың қорытындысын шығарып отырулары керек.

Бастауыш партия және комсомол ұйымдары, кәсіпшілер одағының комитеттері, цехтардағы, мастер-бойлардағы партия және кәсіпшілер одағы топтары және адамдар арасында, топ адамдар арасында және өртүрлі мамандықтарылар арасында жарысты мейлінше кең өрістетуге ерекше көңіл аударулары керек. Жарыс-

аса маңызды саяси міндеттермен кезде тығыз ұштастырыла жүргізілмейтінін көреміз. Лекторлар, баяндамашылар республиканың, облыстың, ауданның, жеке кәсіп орынының, колхоздың алдында тұрған нақты міндеттерге кейде тоқталмайды, олар жергілікті бай материалды пайдаланбайды, алдыңғы қатарлылардың тәжірибесін тиісті дәрежеде қорытып, оны пропагандалап отырмайды.

Ауысша пропаганданы қайта құрып, оны біздің қабылдаған міндеттемелерімізді орындау жолындағы күреске көмекші болатын етуіміз керек. Ленин-Сталин партиясының данышпандық басшылығы арқасында, туысқан ұлы орыс халқының көмегі арқасында Қазақстан қалай өркендегенін, индустриялы, колхозды алдыңғы қатарлы советтік республикаға қалай айналғанын түсіндіру ісіне жете көңіл бөлу керек. Халықтар достығы деген тақырып біздің үгіт-пропаганда жұмысымыздың тақырыбынан көрнекті орын алуға тиіс.

Қазақстанда социалистік құрылыстың қалай өркендегенін баяндайтын лекциялар мен баяндамаларды үнемі өткізіп тұру керек. Олардың тақырыбы мынадай болуға тиіс. «Советтік Қазақстанның 25 жылдығы», «Лениннің-Сталиннің данышпандық басшылығы арқасында Қазақстан Шығыстағы индустриялы-аграрлы алдыңғы қатарлы республикаға айналды», «Қазақстанда лениндік-сталиндік ұлт саясатының салтанат құруы», «25 жыл ішінде Қазақстанның түрі ұаттық, мазмұны социалистік мәдениетінің өркендеуі», «Қазақстан — Қызыл Армияның айбынды қазынасы», «Қазақстанның ауыл шаруашылығы 25 жыл ішінде», «Қазақстанның өнеркәсібі 25 жыл ішінде», «Қазақстандықтардың майдан мен тылдағы ерлігі»,

өздерінің жұмыс тәжірибесін баяндау үшін жарысқа қатысушыларға кең орын беру, кемшіліктерді неғұрлым батыл сынап отыру керек. Міне біздің газеттеріміздің міндеті осы. Газеттерде құрмет тақтасын ұйымдастырып, оған жарыстың алдыңғы қатарлыларын жазып отыру керек. Егіннен мол өнім алу, егісті ойдағыдай өткізу күресіне баспа сөз ерекше көңіл бөлуге тиіс.

Қабырға газеттеріне партия басшылығы күшейтетін уақыт жетті. Әрбір кәсіп орында, әрбір колхозда, совхозда, МТС-та қабырға газеттері уақтылы, қолма-қол шығып отыратын, олар жарысқа мұрындық болып отыратын етуіміз керек.

Саяси-ағарту мекемелері, клубтарымыз, оқу үйлеріміз, қызыл мүйістеріміз алдыңғы қатарлылардың тәжірибесін көпшілікке тарату, жарыстың нәтижесін жариялап отыру ісіне үлкен еңбек сіңіруге міндетті.

Осы үлкен ұйымдастыру және көпшілік-саясат жұмысын қажырлы қайратпен іске асырсақ, онда біз алдымызға қойылған міндеттерді аброймен орындаймыз.

Қызыл Армияның ұлы шабуылдары бүкіл еліміздің, оның ішінде біздің республикамыздың барлық еңбекшілерінің арасында бұрын-соңды болып көрмеген күшті еңбек өрлеуін туғызды. Біздің міндетіміз осы өрлеуге бас болу, оны республикамыздың алдында тұрған саяси міндеттерді шешуге, ең алдымен көлемгі егісті ойдағыдай өткізуге жұмылу болады.

Советтік Қазақстанның даңқты мерекесін лайықты табыстармен қарсы алайық. Бұл республикамыздың еңбекшілерінің социалистік мемлекетіміздің қуатын нығайтып, арттыра беру жолындағы ұлы іске жаңадан қосқан зор үлесі болады.

мен Бомденоны (Болоньяның солт. жағында 25 миль жерде), ал 5-а Специ мен Моденоны алды.

Одақтастар әскерлері тозғындай шегінші бара жатқан дұшпанды өкілге қуа отырып және оның қатынас қарын талқандай отырып, алға б болды. Жаудан 40 мыңнан аса адам не көптеген қару-жарақ қолға түсір 8-армияның италиялық бөлімдері «либальди» атты партизан бригадас бірлесе отырып, По өзені жағасының түстік жағындағы Кодигоро қаласын да.

ЛОНДОН, 26 апрел. (ТАСС). Одақтың Европадағы әскерлерінің жою командованиесі штабының хабарындай делінген: одақтастардың «брон» бөлімдері солтүстік жақтан Мюнхені рай алға басуда. Бұл бөлімдер күнде Регеннің оңтүстік-шығыс жағында 24 километр жерде және Австрия ысынан 29 километр жерде тұр.

Мұның шығыс жағында одақтың әскерлері Дунай жағалауында Р бургтың батыс жағында 3 километрдегі пункттен бастап, Кельгеймге д 10 мильдік учаскені өз қолдарында тап тұр.

Штутгарттың оңтүстік жағындағы әскерлері қоршауға алынған бірнеше қала алынды. Дұшпанды шауға алынған әскер тобы жойылтыр.

Одақтастар әскерлері Голландия-мания шекарасы маңында теңіз жауына жетті, сөйтіп Делфзейд ауданістердің әскер тобын қоршауға

Жауапты редактордың орынбасары
Г. МУХАМЕДЖАНОВ

ОҚЫРАҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ

Еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық советі атқару комитетінің міндетті қарары

ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1940 жылғы 29 әп-релдегі қаулысы мен ССРО Халық Комиссарлары Советінің 1943 жылғы 19 февральдағы қаулысының негізінде облыстық совет атқомі КАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1945 жылғы барлық колхоздардың, совхоздардың, көмекші шаруашылықтардың колхозшылардың жеке шаруалардың, жұмысшылар мен қызметкерлердің ірі қара малын оқыраға қарсы маусымына ең кем дегенде 10 рет емдеу ісі жүргізілсін.

2. Оқырағы жою жөнінде малдарды мал дәрігерлерінің қарауынан өткізіп, оларды емдеу жұмыстары 1945 жылғы 15 әп-релден бастап 1 июльге дейінгі мерзім ішінде жүргізілетін болсын.

3. Оқыраға қарсы күрес маусымында мал сатып алу немесе ірі қара малдарды бір ауданнан екінші ауданға айдап апару кезінде бұл малдарды алғашқы мекенінде алдын ала міндетті түрде оқыраға қарсы емдеу жұмыстары жүргізілетін болсын.

4. Ірі қара малдарды оқыраға қарсы жаппай емдеу үшін жауапкершілік совхоз директорларына, колхоз председателдеріне, шаруашылық ұйымдарының басшыларына жүктелсін.

5. Ірі қара малдарды оқырадан арылту жұмыстарына мал дәрігерлері, санитарлар, мал өсірушілер малшылар мен сауыншылар қатыстырылсын. Бұл жұмыстардың барлығы мал дәрігерлік қызметкерлердің басшылығымен және олардың нұсқауы бойынша жүргізілсін. Жеке меншіктегі малдарды

оқырадан олардың иелері арылтатын болсын.

6. Ірі қара малдарды оқыраға қарсы жаппай емдеу үшін және бұл жұмыстардың сапалы әрі нәтижелі болуы үшін жауапкершілік аудандық жер бөлімдерінің аға мал дәрігерлеріне жүктелсін.

7. «Заготживсырьенный», облыстық тұтынушылар одағының, совхоздар трестерінің, май заводтары тресінің басшылары, Дайын дау Халық Комиссариатының өкілі мен мал дәрігерлік қызметкерлері жергілікті жерлерде оқыраға қарсы күрес жөнінде жұмысшылар мен қызметкерлер, колхозшылар арасында көпшілік-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге міндеттелсін.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық совет атқомі председателінің орынбасары
И. СКВОРЦОВ.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық совет атқомінің секретарі
И. ИВАНОВ.

8. Аудандық советтердің атқару комитеттері бұл мәселені өзінің кезекті мәжілісінде талқылап, аудандағы барлық ірі қара малдардың оқыраға қарсы толық емделуін қамтамасыз ететін нақтылы шаралар белгідеуге міндеттелсін.

9. Бұл қарарды орындаудан бас тартқан адамдарға әкімшілік жолымен 100 сомдық мөлшерде айып салынсын немесе олар бір айға дейін тегін жұмыс істеуге жіберілетін болсын.

10. Бұл міндетті қарар баспа сөзде жарияланғаннан кейін, дереу күшіне кіреді және 1945 жыл аяқталғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысының барлық жерінде күшінде болады.

«Заготзерноның» облыстық комитетінің жұмысқа бухгалтер-бухгалтер-инспектор, есепші, кассир, нашы сол сияқты бөлім бухгалтері керек.

Адрес: Ленин көшесі, 43-үй. Т. 5-07. Қызметкерлер бөліміне келіп аға болады. * * *

«Заготживсырьенный» Солтүстік стан облыстық контторына бухгалтер, секретарь, машинист, инспектор, лау бөлімінің бастығы және басқа ішілер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Пролетесі, 10-үй. * * *

Осоавиахим облыстық советінің «биль-мотоцикл клубы үшінші шоферлер дайындайтын күрсе» қабылдайды. Күрсе 17 жастан және ең кем дегенде 4 класты ер, әйел азаматтар қабылданады 2 ай. Оқу 1945 жылғы 20 талады. Оқушылар еңбек азық-түлікпен қамтамасыз е